

FTAMP 16.31.21

<https://doi.org/10.26577/JOS202611722>**Ш.Д. Бүркітбаева^{1*}, А.Е. Токсеитова¹, Н.Ш. Шаммаева²**¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²Сейитназар Сейди атындағы Түркімен мемлекеттік педагогикалық институты,

Түркіменабад, Түркіменстан

*e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

ТҮРІК ҰЛТТЫҚ ОЙЫН АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ: СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ТАЛДАУ

Мақала түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің семантикасы мен этномәдени мазмұнын кешенді талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттеріне семантикалық және этномәдени талдау жасай отырып, олардың ойын құрылымындағы атқаратын қызметін анықтау және лингвомәдени табиғатын сипаттау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін ойын атауларының құрамындағы ақ, қара, қызыл, көк, сары, жасыл, ала және күлгін түстерінің номинативтік, символикалық және когнитивтік мәндері сараланды. Зерттеудің негізгі тілдік деректері (linguistic data) ретінде түрік және қазақ дәстүрлі ойындарына арналған этнографиялық, фольклорлық және тілтанымдық еңбектердегі материалдар мен ғылыми басылымдардағы лингвистикалық корпустар пайдаланылды. Талдау барысында сипаттамалық, семантикалық және этнолингвистикалық әдістер жүйелі түрде қолданылды. Зерттеу нәтижелері ұлттық ойын атауларындағы түр-түс атауларының тек номинативтік қызмет ғана емес, сонымен қатар ойын кеңістігін ұйымдастыратын, қатысушылардың иерархиялық рөлін айқындайтын мағыналық маркер екенін көрсетті. Түр-түс компоненттері бар ойын атауларының «түс атауы + зат есім» және «түс атауы + етістік» сияқты құрылымдық-семантикалық үлгілері жіктеліп, олардың этномәдени табиғаты нақты тілдік деректермен негізделді. Мақала түрік халықтарының ортақ символдық ойлау жүйесін және мәдени кодтарын тілдік бірліктер арқылы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: түрік ұлттық ойындары, ойын атаулары, семантика, этномәдени мазмұн.

Sh.D. Burkitbayeva^{1*}, A.E. Toxseitova¹, N.Sh. Shammaeva²¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan²Turkmen State Pedagogical Institute named after Seyitnazar Seydi, Turkmenabat, Turkmenistan

*e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

Color terms in the names of Turkish traditional games: semantic and ethnocultural analysis

The article is devoted to a comprehensive analysis of the semantics and ethnocultural content of color components in the names of Turkish national games. The purpose of the study is to conduct a semantic and ethnocultural analysis of color components in the names of Turkish national games, to identify their functions in the structure of the game, and to describe their linguacultural nature. To achieve this goal, the nominative, symbolic, and cognitive meanings of colors such as white, black, red, blue, yellow, green, variegated, and purple were analyzed. The primary linguistic data were drawn from ethnographic, folkloric, and linguistic works on traditional Turkish games, as well as linguistic corpora from scientific publications. Descriptive, semantic, and ethnolinguistic methods were systematically applied during the analysis. The results of the study demonstrated that color designations in the names of national games perform not only a nominative function but also serve as semantic markers that organize the game space and define the hierarchical roles of the participants. Structural-semantic models of game names containing color components, such as “color name + noun” and “color name + verb,” were classified, and their ethnocultural nature was substantiated with specific linguistic data. The article provides a deeper understanding of the shared symbolic thinking system and cultural codes of the Turkic peoples through linguistic units.

Keywords: Turkish traditional games, game names, semantics, ethnocultural content.

Ш.Д. Бүркітбаева^{1*}, А.Е. Токсеитова¹, Н.Ш. Шаммаева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Туркменский государственный педагогический институт имени Сейитназара Сейди,
Туркменабад, Туркменистан

*e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

Цветобозначения в названиях турецких национальных игр: семантический и этнокультурный анализ

Статья посвящена комплексному анализу семантики и этнокультурного содержания цветových компонентов в названиях турецких национальных игр. Цель исследования – провести семантический и этнокультурный анализ цветových компонентов в названиях турецких национальных игр, определить их функции в структуре игры и описать лингвокультурную природу. Для достижения этой цели были проанализированы номинативные, символические и когнитивные значения таких цветов, как белый, черный, красный, синий, желтый, зеленый, пестрый и фиолетовый. В качестве основных языковых данных (linguistic data) были использованы материалы этнографических, фольклорных и лингвистических трудов, посвященных традиционным турецким и казахским играм, а также лингвистические корпусы научных изданий. В ходе анализа систематически применялись описательный, семантический и этнолингвистический методы. Результаты исследования показали, что цветобозначения в названиях национальных игр выполняют не только номинативную функцию, но и выступают смысловыми маркерами, организующими игровое пространство и определяющими иерархические роли участников. Классифицированы такие структурно-семантические модели названий игр с цветovým компонентом, как «цветобозначение + имя существительное» и «цветобозначение + глагол», их этнокультурная природа обоснована конкретными языковыми данными. Статья позволяет глубже понять общую символическую систему мышления и культурные коды тюркских народов через языковые единицы.

Ключевые слова: турецкие национальные игры, названия игр, семантика, этнокультурное содержание.

Кіріспе

Ұлттық ойындар халықтың тарихи тәжірибесін, дүниетанымын және әлеуметтік қатынастарын бейнелейтін маңызды мәдени құбылыстардың бірі. Ойын үдерісі арқылы ұрпақтан ұрпаққа мінез-құлық үлгілері, іс-әрекет нормалары, кеңістік пен қозғалысты қабылдау тәсілдері, сондай-ақ тәрбиелік қағидалар беріледі. Ұлттық ойындар тек мәдени-этнографиялық құбылыс ретінде ғана емес, тілдік жүйеде орныққан, этномәдени мазмұны бар лексикалық бірліктер жиынтығы ретінде де қарастыруды талап етеді.

Ұлттық ойын атаулары белгілі бір әрекетті немесе ойын түрін атаумен шектелмей, халықтың танымдық моделін, символдық ойлау жүйесін және мәдени кодтарын жинақтаған күрделі семантикалық құрылым ретінде қалыптасады. Ойын атауларында қолданылатын лексикалық компоненттер, соның ішінде түр-түс атаулары, ойынның мазмұнын, құрылымын және ережесін айқындаумен қатар, этномәдени мағынаға ие, символдық қызмет атқарады. Түс компоненттері ойын атауларында тек сипаттаушы белгі емес, ойын кеңістігін ұйымдастыратын, қатысушылардың рөлін ажырататын және ойын әрекетінің логикасын реттейтін тілдік құрал.

Түрік ұлттық ойындары түрік қоғамының тарихи-әлеуметтік дамуымен, дәстүрлі тәрбиелік жүйесімен және мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты. Түрік тіліндегі ұлттық ойын атауларының құрамында кездесетін ақ, қара, қызыл, көк, сары, жасыл, ала, күлгін сияқты түр-түс атаулары халықтың дүниетанымында қалыптасқан символдық мәндермен сабақтасып, ойын мазмұнында ерекше қызмет атқарады. Түр-түс атаулары арқылы ойынның сипаты, қарсыласу немесе татулық үлгісі, тәртіп пен ереже, сондай-ақ белгілі бір мәдени ассоциациялар айқындалады.

Түркі халықтарының рухани мәдениетінде ұлттық ойындар тек дене шынықтыру құралы емес, халықтың дүниетанымы мен этикалық-эстетикалық құндылықтарын сақтаушы феномен болып табылады. Ойын атауларындағы түр-түс компоненттері мифологиялық түсініктен бастау алатын терең танымдық кодтарды қамтиды. Түрік және қазақ ұлттық ойындарындағы түстер номинативтік қызметтен бөлек, этномәдени символдар ретінде маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің мақсаты – түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттеріне семантикалық және этномәдени талдау жасау. Осыған орай, ойын атауларындағы түстердің символикалық мазмұнын ашу және олардың құрылым-

дық-семантикалық үлгілерін айқындау міндеттері қойылды..

Әдебиетке шолу

Түрік мәдениетіндегі дәстүрлі ойындарды зерттеуге арналған ғылыми еңбектерде ұлттық ойындар халықтың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құрылымын және мәдени құндылықтарын бейнелейтін маңызды мәдени феномен ретінде қарастырылады. Соңғы жылдары ұлттық ойындарды тіл мен мәдениет сабақтастығында сипаттауға бағытталған зерттеулерде ойын атауларының семантикалық құрылымына, оның ішінде атау құрамындағы символдық элементтерге ерекше назар аударылып келеді. Түр-түс атаулары ұлттық ойын атауларындағы мағыналық және этномәдени ақпаратты жеткізетін маңызды лексикалық компонент ретінде қарастырылады.

Түрік мәдениетіндегі түр-түс атауларының семантикасы мен символдық мәнін талдауға арналған Х. Йылдыздың «Türk kültüründe renk sembolizmi» (2021) маңызды орын алады. Автор еңбегінде ақ, қара, қызыл, көк, сары, жасыл және күлгін түстердің түрік халқының дүниетанымында қалыптасқан мәдени және әлеуметтік мағыналарын сипаттайды. Түс атауларының символдық қызметі қоғамдағы тәртіп, қарсыластық және кеңістік ұғымдарымен байланыста талданады (Yıldız, 2021: 87). Зерттеу ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің мәдени жиынтығын түсіндіруге теориялық негіз береді.

Түр-түс атауларының тілдік құрылымдағы орны мен семантикалық қызметі Х. Айдынның «Türkçede renk adlarının anlamsal yapısı» (2022) кеңінен қарастырылған. Түрік тіліндегі түр-түс атауларының негізгі және қосалқы мағыналарын талдай отырып, олардың түрлі лексикалық бірліктер құрамында мәдени ақпарат тасымалдаушы қызмет атқаратынын көрсетеді. Зерттеуде түр-түс атауларының символдық мағынасы тілдік қолданыс арқылы қалай бейнелетіні атап өтіледі (Aydın, 2022: 114).

Ұлттық ойындар контекстінде түр-түс атауларының қолданылуын жанама түрде қамтитын зерттеулердің бірі С. Сарпкаяның «Türk dünyası geleneksel oyunlarından mor menekşe sözel dokusu ve oynanışında mitoloji ve hayat» (2022) болып табылады. Еңбекте ойын атауындағы күлгін түсінің поэтикалық және символдық мәні ойын мәтіні мен ойнау үдерісі арқылы талданады.

Ойын атауындағы түр-түс компонентінің мәдени символикамен тығыз байланысын көрсетеді (Sarpkaya, 2022: 85).

Түрік дәстүрлі ойындарын әлеуметтік әрекет ретінде сипаттайтын ойын атауларының құрамындағы лексикалық маркерлердің, соның ішінде түр-түс атауларының ойын құрылымын ұйымдастырудағы рөлі көрсетіледі. Е. Даярдың «Anadolu'da şiddetin performatif bir temsili: taş dövüşü oyunu» атты мақаласында (2025) ойын атауларының семиотикалық қызметі талданып, атаулардың ойын барысындағы тәртіп пен әрекетті реттеудегі маңызы атап өтіледі (Dayar, 2025:34).

Сонымен қатар дәстүрлі балалар ойындарын жүйелі түрде сипаттаған Н. Демирдің «Geleneksel Türk Çocuk Oyunları» атты көптомдық еңбегінде (2022) ойын атауларының кең ауқымды корпусы ұсынылады. Жинақта құрамында түр-түс атаулары бар көптеген ойын атаулары тіркеліп, олардың әр аймақта қолданылу нұсқалары көрсетіледі. Ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерін нақты тілдік материал негізінде талдауға мүмкіндік беретін маңызды дереккөз болып табылады (Demir, 2022: I том, 56).

Түрік тілінде мәдениеттің өзара байланысын сипаттаған зерттеулерде ұлттық ойын атаулары мәдени мазмұны бар тілдік бірлік ретінде жанама түрде қамтылады. М. Каплан мәдени құбылыстардың тіл арқылы бекітілуін талдай отырып: «Мәдени тәжірибе тілде атау арқылы орнығып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі» (Kaplan, 2002: 78). Ұлттық ойын атауларының тек номинативтік қызметпен шектелмей, түрік халқының мәдени жадын сақтаушы тілдік бірлік екенін дәлелдеуге негіз болады.

Түрік балалар ойындарын арнайы зерттеген Н. Өздемир ойын атауларының қалыптасуында әрекет пен қолданылатын зат атауларының рөлін атап өтіп: «Балалар ойындары көбіне негізгі әрекет түрі мен қолданылатын заттардың атауына байланысты қалыптасады» (Özdemir, 2006: 45). Яғни, түрік ұлттық ойын атауларының материалдық мәдениетпен және күнделікті өмір тәжірибесімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Сонымен бірге еңбекте ойын атауларындағы семантикалық қабаттар мен символдық элементтер арнайы жүйеленбегені байқалады.

Соңғы жылдары түрік халқының ұлттық ойындарын халықаралық ғылыми кеңістікте зерттеу үрдісі күшейе түсті. З. Абдыкеримова мен Н. Омуралиев түрік ұлттық ойындарын мәдени код тұрғысынан қарастырып, «Ұлттық

ойындар түрік қоғамының тарихи тәжірибесін, дүниетанымын және әлеуметтік құрылымын бейнелейтін тұтас мәдени жүйе» екенін атап көрсетеді (Abdykerimova, Omuraliev, 2020: 48).

Осы бағыттағы ең ауқымды дереккөздердің бірі – түрік дәстүрлі балалар ойындарын ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде жинақтаған Н. Демирдің көптомдық еңбегі. Аталған еңбекте далалық және архивтік материалдар негізінде шамамен 4700 ойын атаулары жинақталған (Demir, 2022). Дерек түрік қоғамында ұлттық ойындардың сандық және құрылымдық тұрғыдан аса бай жүйе екенін, сондай-ақ ойын атауларының тілдік материал ретінде кең көлемде қарастыруды қажет ететінін дәлелдейді.

Түрік ұлттық ойын атауларының символдық сипатын айқындауға бағытталған зерттеулердің қатарында А. Тургунбаеваның еңбегін атап өтуге болады. Автор ойын атауларын мәдени символдар жүйесі ретінде қарастырып: «Ойын атаулары халықтың дүниетанымын бейнелейтін, мәдени мағынасы бар символдық құрылым ретінде қалыптасады» (Turgunbaeva, 2021: 1349). Түрік ұлттық ойын атауларының әрекет, кеңістік және қозғалыс ұғымдарын қатар бейнелейтін күрделі семантикалық құрылым екенін дәлелдейді.

Түрік халқының ұлттық ойындары мен олардың атауларын терең қарастырған Г. Исмаилова мен К. Бекболотов ұлттық ойын атауларының тарихи-мәдени ақпаратты сақтайтын тілдік бірлік екенін көрсетіп: «Ұлттық ойын атаулары халықтың әлеуметтік тәжірибесін және мәдени жадын тілдік деңгейде бейнелейді» деп тұжырымдайды (Ismailova, Bekbolotov, 2022: 1572).

Түркі тіл білімінде түр-түс атаулары мен ойын мәдениетінің сабақтастығы бірқатар ғылыми еңбектерде қарастырылған. Тіл мен мәдениеттің сабақтастығы аясында ойын атауларының семантикалық өрісі халықтың символдық ойлау жүйесін бейнелейді. Мәселен, Ismailova мен Bekbolotov (2022) тілдік бірліктер мен мәдени кодтардың байланысын атап өтсе, С.М. Керімова (2015) түр-түс атауларының лингвомәдениеттегі эмоционалды факторлармен шартталатынын негіздейді. Г.Б. Хабижанова (2021) көшпелі халықтардың этникалық тарихындағы түс феноменінің семиотикалық жүйе ретіндегі маңызын дәлелдеген.

Қарастырылған еңбектерде түрік мәдениетіндегі түр-түс атауларының символдық және семантикалық табиғаты жан-жақты сипатталғанымен, түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттері арнайы, жүйелі зерттеу

нысаны ретінде толық қамтылмаған. Ұлттық ойын атауларындағы түр-түс атауларын семантикалық және этномәдени тұрғыдан талдау қазіргі тіл біліміндегі өзекті ғылыми міндеттердің бірі және мақалада ғылыми жаңалық ретінде танылады.

Әдістеме

Зерттеу түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің семантикасы мен этномәдени мазмұнын талдауға бағытталды. Зерттеудің дереккөздік негізін түрік халқының дәстүрлі ұлттық ойындарына қатысты тілдік материалдар құрады. Негізгі тілдік корпус тарихи-этнографиялық еңбектерде, фольклорлық жинақтарда, сондай-ақ соңғы жылдары жарық көрген ғылыми басылымдарда тіркелген, құрамында түр-түс атаулары бар ұлттық ойын атауларынан іріктелді.

Мақаланы жазу барысында ұлттық ойын атауларының дәстүрлі мәдениетте орналасқаны, тұрақты қолданыста болуы және атау құрамындағы түр-түс компоненттерінің айқын семантикалық әрі этномәдени контекске ие болуы негізгі өлшемдер ретінде алынды. Зерттеу материалына Түркияның батыс, орталық және шығыс өңірлерінде таралған дәстүрлі ойын атаулары аталып, аймақтарда қолданылу нұсқалары мен ойындарды атау варианттары ескерілді. Ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің мағыналық ерекшеліктері және олардың Түркия обысларындағы қолданылу айырмашылықтары анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің нысаны ретінде түрік ұлттық ойын атаулары алынды. Зерттеудің негізгі тілдік деректері (linguistic data) ретінде түрік тіліндегі лексикографиялық еңбектер (TDK), этнографиялық жинақтар (P.N. Boratav) және қазақ фольклорының материалдары алынды. Талдау барысында сипаттамалық, семантикалық және этнолингвистикалық әдістер жүйелі түрде қолданылды.

Сонымен қатар құрылымдық-типологиялық тәсіл қолданылып, түр-түс компоненттері бар ұлттық ойын атаулары бірнеше түрлерге жіктелді. Атап айтқанда, түр-түс атауы + зат есім, түр-түс атауы + етістік және күрделі құрылымды ойын атаулары айқындалды. Жіктеу ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтауға және олардың тілдік жүйедегі орнын сипаттауға мүмкіндік берді.

Қолданылған әдістер мен жианқталған тілдік материал түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің семантикасы мен этномәдени мазмұнын жүйелі түрде ашуға, сондай-ақ олардың дәстүрлі мәдениеттегі символдық және ұйымдастырушылық қызметін айқындауға бағытталды.

Нәтижелер мен талқылау

Түрік тіл білімінде ұлттық ойындар мәселесі негізінен этнография, мәдениет және фольклор салаларында зерттеліп келеді. Ғылыми еңбектерде дәстүрлі ойындар түрік халқының тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік құрылымымен және тәрбиелік жүйесімен тығыз байланысты мәдени құбылыс ретінде сипатталады. Б. Өгел дәстүрлі ойындардың маңызын атап көрсетіп, «Ұлттық ойындар түрік халқының дүниетанымын, әлеуметтік қарым-қатынасын және мәдени құндылықтарын сақтайтын маңызды мәдени мұра» екенін айтқан (Ögel, 2000: 110). Алайда ойын атауларының тілдік табиғаты мен семантикалық құрылымы арнайы этнолингвистикалық талдаудың нысаны ретінде қарастырылмаған.

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде «Оуун» ұғымы тек көңіл көтеру әрекеті ретінде емес, икемділік, шеберлік және әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыратын мәдени әрекет ретінде анықталады. Бұл анықтама түрік ұлттық ойын атауларының да әлеуметтік және тәрбиелік қызмет атқаратынын көрсетеді. Мысалы, түрік қоғамында кең таралған *Körebe*, *Saklambaç*, *Yağ Satarım*, *Mendil Kartması*, *Mor Menekşe* сияқты ойындар балалардың қозғалыс дағдыларын, топтық әрекетін және әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін дәстүрлі құрал ретінде қызмет етеді. Аталған ойын атауларында қолданылатын лексикалық компоненттер, соның ішінде түр-түс атаулары, ойынның мазмұны мен құрылымын айқындауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында жинақталған түрік ұлттық ойын атауларының тілдік корпусы семантикалық және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай жіктелді. Төменде анықталған нақты нәтижелер мен олардың этномәдени сипаттамасы берілген.

1. Түс атауы + зат есім құрылымы

Алдымен ең негізгі модельдердің бірі саналатын түр-түс атауы + зат есім құрылымына тоқталайық. Бұл үлгіде түр-түс атауы ойынның негізгі бейнесін немесе символдық нысанын айқындайды.

Мысалы, *Mor Menekşe* ойыны балалар арасында кең таралған шеңберлі ойын болып табылады. Ойын барысында балалар бір-біріне өлеңдетіп сұрақ қойып, жауап береді, ал ойынның дамуы поэтикалық мәтін арқылы жүзеге асады. Мұнда күлгін түс нақты заттың түсін білдірумен шектелмей, нәзіктік, өсемдік және эстетикалық үйлесім ұғымдарын білдіретін символдық элементке айналады. Зерттеушілер бұл ойындағы түс компонентінің көркемдік және мифопоэтикалық ұғымның басымдылын айтады (Sarpkaya, 2022: 85).

«Mor menekşe, mor menekşe,
Dalına konmuş kelebekçe.
Aç kapıyı bezirgân başı,
Kapı hakkı ne verirsin?»
(«Arkamdaki yadigâr olsun,
Bir çift elma, bir çift nar olsun»).

Осы құрылымға жататын тағы бір кең таралған ойын – *Ak terek*, *kök terek*. Ойын екі топқа бөлініп, қарама-қарсы топқа шақыру және күш сынасу арқылы ойналады. Ақ және көк түстері мұнда қарсылас топтарды айқындап қана қоймай, бинарлық оппозиция құрайды. Ақ түс ашықтық пен бастау ұғымын білдірсе, көк түс кеңістік пен бағытты символдайды. Түстердің мұндай қолданысы ойынның құрылымдық тәртібін күшейтеді (Demir, 2022: I т., 74).

«Ak terek, kök terek,
Bizden size kim gerek?»
Қарсы топ жауап береді (варианттары бар):
«O gerek!» немесе баланың атын атайды.

Сонымен қатар *Kara kedi* ойынында қара түс «ұстаушы» немесе «қауіпті» рөлді бейнелейді. Ойын қашу мен ұстауға негізделгендіктен, қара түс арқылы тыйым, сақтық және қауіп ұғымдары семантикалық тұрғыда сипатталады. Осылайша түр-түс компоненті ойынның эмоциялық және бәсекелік сипатын күшейтеді.

«Kara kedi geliyor!»
«Yakalanan kara kedi olur!»
«Kaç, kara kedi!»

2. Түс атауы + әрекетке қатысты атау құрылымы

Келесі модельде түс атауы ойын әрекетінің сипатын немесе бағытын айқындауға қатысады. Аталған құрылымдарда түр-түс динамикалық мәнге ие болады. Мысалы, *Kızıl koşu* ойыны жылдамдық пен шапшаңдыққа негізделген жарыс түрі болып табылады. Ойын барысында қатысушылар белгі берілген сәттен бастап барынша тез жүгіріп, мәреге жетуге тырысады. Мұнда қызыл түс әрекеттің шапшаңдылығын, күш пен

белсенділікті білдіретін семантикалық маркер ретінде қолданылады. Дәл осындай Sarı seçme ойынында балалар санамақ арқылы таңдалып, ойыннан шығып отырады. Сары түс уақытша күйді, ескерту мен ауысу сәтін білдіреді. Демек, түр-түс компоненті ойын барысындағы кезеңдік өзгерісті белгілеуге қызмет етеді.

3. Күрделі құрылымды ойын атаулары

Күрделі құрылымды атауларда түр-түс компоненттері бірнеше лексикалық элементпен бірігіп, көпқабатты семантикалық құрылым түзеді.

Мәселен, Ak-Kara oyunu (Ақ-қара ойыны) екі топқа бөлініп, қарсыласу принципімен ой-

налады. Ақ пен қара түстері «жеңіс – жеңіліс», «рұқсат – тыйым», «біз – олар» сияқты мағыналық қарама-қарсылықтарды білдіреді. Мұндай бинарлық модель ойын арқылы әлеуметтік қатынастарды бейнелейді:

«Ak olanlar buraya, kara olanlar karşıya!»

«Ak mı, kara mı?» – деп екі топ бір-бірінен бір ойыншыны шақырады.

Ал Ala top oyunu (Ала доп ойыны) ойынында ала түс әртүрлілік пен өзгермелілікті білдіреді. Доптың ала түсті болуы ойын барысында рөлдердің ауысуын, қозғалыстың еркіндігін және динамикалық өзгерісті көрсетеді.

1-кесте

Түс компоненттері бар ойын атауларының құрылымдық-семантикалық жіктелуі

Құрылымдық үлгі	Ойын атауы	Ойынның сипаты	Түстің қызметі
Түс + зат есім	Mor Menekşe	Шенберлі, өлеңмен	Эстетикалық, поэтикалық символ
Түс + зат есім	Ak Terek, Kök Terek	Қарсы топтық, күш сынасу	Бинарлық қарсы қою
Түс + зат есім	Kara Kedi	Қашу–ұстау	Қауіп, тыйым
Түс + етістік	Kızıl Koşu	Жылдамдық жарысы	Қарқын, белсенділік
Түс + етістік	Sarı Seçme	Санамақ, таңдау	Уақытша күй, ауысу
Күрделі атау	Ak-Kara Oyunu	Қарсыласу	Әлеуметтік оппозиция
Күрделі атау	Ala Top Oyunu	Доппен қозғалыс	Өзгермелілік, динамика

Талдау нәтижелері түрік ұлттық ойын атауларындағы етістік компоненттерінің ойынның құрылымын ұйымдастырушы, әрекетті реттеуші және этномәдени мазмұнды жеткізуші негізгі тілдік құрал екенін дәлелдейді. Түр-түс атаулары арқылы ойын тек көңіл көтеру әрекеті ретінде емес, халықтың дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін бейнелейтін семиотикалық жүйе ретінде танылады.

Түрік ұлттық ойын атауларының таралу аймағын қарастыру олардың семантикасы мен этномәдени мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер ұлттық ойындардың Түркияның әртүрлі өңірлерінде кең таралғанын және аймақтық ерекшеліктерге байланысты ойын атаулары мен ойын формаларының вариантталып отыратынын көрсетеді. Ұлттық ойындар, әдетте, ауылдық ортада және дәстүрлі әлеуметтік құрылымы сақталған аймақтарда тұрақты түрде ойналып, мәдени тәжірибенің маңызды бөлігі ретінде қызмет атқарады.

Түркияның Орталық Анадолы аймағында балалар арасында кең таралған ойындардың қа-

тарына Körebe, Saklambaç, Yağ satarım сияқты қозғалысқа негізделген ойындар жатады. Бұл ойындар топтық әрекетке, кеңістікті бағдарлауға және жылдамдыққа негізделіп, көбіне ашық алаңда ойналады. Дереккөздерде аталған ойындардың Анкара, Кайсери, Конья өңірлерінде жиі кездесетіні көрсетіледі (Demir, 2022: I т., 63-75). «Körebe oldun, say bakalım!», «Gözlerin kapalı, beni bul bakalım!» тіркестері жиі қолданылады.

Эгей және Мармара аймақтарында әлеуметтік қарым-қатынас пен рөлдік әрекетке негізделген ойындар басым келеді. Атап айтқанда, Mendil karmaca және Yağ satarım ойындары балалар арасында ғана емес, мерекелік іс-шаралар аясында да ойналатыны байқалады. Бұл өңірлерде ойын атауларының поэтикалық элементтері мен сөздік формулалары жақсы сақталғаны атап өтіледі (Özdemir, 2006: 88). Өлең жолдары қысқа әрі ырғақты. Ең кең таралғаны:

Mendil karmaca,
Mendil karmaca,
Kim aldı mendili,
Ben aldım mendili!

Кейбір өңірлерде:

Al mendili, kap mendili,
Koş bakalım, yakala!

Қаратеңіз аймағында ұлттық ойындар көбіне қозғалыстың жоғары қарқынымен және бәсекелестік сипатымен ерекшеленеді. Мұнда ойналатын Saklambaş және оған ұқсас ойындар таулы жер бедеріне бейімделіп, ауданды тиімді пайдалануға бағытталған. Қаратеңіз өңіріндегі ойындардың қимыл-әрекетке негізделген және олардың атауларының да осы ерекшелікті бейнелейді (Ismailova, Bekbolotov, 2022: 1569).

Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Түркия аймақтарында дәстүрлі балалар ойындары көбіне қауымдық өмірмен, отбасылық орта және ауылдық кеңістікпен тығыз байланысты. Бұл өңірлерде Mor menekşe сияқты өлеңмен, шеңбер құрып ойналатын ойындар кең таралған. Ойын атауындағы түс компонентінің поэтикалық және символдық сипаты ойынның салтанатты әрі көркемдік мазмұнымен сабақтасып жатады (Sarıkaya, 2022: 84).

Mor Menekşe ойынындағы өлең:

Mor menekşe, mor menekşe,
Dalına konmuş kelebekçe.

Aç kapıyı bezirgan başı,

Kapı hakkı ne verirsin?

(Arkamdaki yadigâr olsun,

Bir çift elma, bir çift nar olsun).

Түрік ұлттық ойын атауларының аймақтық таралуы олардың семантикалық құрылымына және атау құрамындағы лексикалық компоненттерге тікелей әсер етеді. Әр өңірде ойынның орындалу формасы мен қызметі сақтала отырып, атаулардың кейбір элементтері, соның ішінде түр-түс атаулары, мәдени және географиялық ортаға бейімделіп қолданылады. Ұлттық ойын атаулары аймақтық-этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің өзектілігін арттыра түседі.

Талдау барысында түрік ойын атауларындағы түстердің қолданылу жиілігі мен тілдік формалары келесідей нақты үлгілерді көрсетті:

«Түс атауы + Зат есім» үлгісі: Ak güvercin (Ақ көгершін), Kara kuzu (Қара қозы), Al elma (Қызыл алма), Mavi boncuk (Көк моншақ).

«Түс атауы + Етістік (қимыл)» үлгісі: Sarı satmak (Сары сату), Al satarım (Қызыл сатамын).

Күрделі символдық атаулар мен метафоралар: Mor menekşe (Күлгін шегіргүл – ойын барысындағы топтардың атауы ретінде), Kөk бөрі (Көкпар ойынының семантикалық негізі ретінде (Ustemirov, Tuimebayev, 2025:1419).

Жоғарыда көрсетілген тілдік деректерге сүйене отырып, мынадай семантикалық тұжырымдар жасауға болады:

Бинарлық оппозиция (Ақ – Қара): Мәселен, «Ak güvercin» және «Kara kuzu» ойындарында түс атаулары тек номинативтік қызмет атқармайды. Түрік және қазақ мәдениетіндегі ортақ таным бойынша, Ақ (Ak) – тазалық, сәттілік пен жеңіс нышаны, ал Қара (Kara) – күш, жер немесе қарсылас тараптың белгісі. Бұл бинарлық оппозиция ойын кеңістігін екіге бөлудің негізгі құралы болып табылады.

«Көк» концептісінің киелілігі: Пансат Ж.М. (2025) зерттеуіндегідей, түрік ойындарындағы Mavi немесе Gök (көк) компоненттері аспан мен Тәңірімен байланысты. Көкпар (Көк бөрі) атауындағы «Көк» – түс қана емес, этникалық код пен киелілік символы (Пансат, 2025:10).

Метафоралық трансформация: «Sarı satmak» ойынындағы «Сары» түсінің етістікпен тіркесуі – түстің динамикалық сипат алып, белгілі бір ойын әрекетінің (алдау немесе жылдамдық) белгісіне айналғанын көрсетеді.

Сонымен қатар түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттері төмендегідей функцияларды атқарады:

Локативтік: Ойын алаңын «ақтар» және «қаралар» (немесе «көктер») деп бөлу арқылы кеңістікті ұйымдастырады.

Рөлдік: Қатысушылардың иерархиялық мәртебесін айқындайды.

Этномәдени: Ортақ түркілік мифологиялық танымды (аспан – көк, тазалық – ақ, жер – қара) тілдік деңгейде сақтайды.

Қорытынды

Зерттеу түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің тілдік және этномәдени тұрғыдан жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті. Талдау нәтижелері ұлттық ойын атауларында қолданылатын түр-түс атауларының кездейсоқ лексикалық белгі емес, ойынның құрылымын, мазмұнын және ережесін ұйымдастыратын мағыналық маркер қызметін атқаратынын дәлелдеді. Түр-түс компоненттері арқылы ойын ауданы белгіленіп, қатысушылардың рөлі айқындалып, ойын әрекетінің сипаты мен даумы реттелетіні анықталды.

Зерттеу барысында түрік ұлттық ойын атауларында жиі кездесетін ақ, қара, қызыл, көк, сары, жасыл, ала және күлгін түстерінің әрқайсысы белгілі бір символдық және функ-

ционалдық жүйеге ие екені айқындалды. Ақ және қара түр-түс ойын құрылымында бинарлық оппозиция құрып, қарама-қарсы мен шектеу мағыналарын білдірсе, қызыл түс қозғалыспен белсенділікті, көк түс кеңістік пен бағытты, сары мен жасыл түстер уақытша күй мен табиғи үдерістерді, ала түс өзгермелілік пен динамиканы, ал күлгін түс поэтикалық және эстетикалық мәнді білдіретін компонент ретінде көрінді.

Зерттеу нәтижелері түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерінің үш негізгі құрылымдық үлгі бойынша қалыптасатынын анықтауға мүмкіндік берді: түс атауы + зат есім, түс атауы + етістік қатысты атау және күрделі құрылымды атаулар. Бұл үлгілер түр-түс атауларының ойын атауларында тек сипаттаушы элемент емес, ойынның ұйымдастырушылық және семиотикалық өзегін құрайтын тілдік құрал екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу түрік ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерін арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыру арқылы ойынның құрылымын, мазмұнын және ережесін ұйымдастыратын маңызды семантикалық маркер екенін айқындады. Зерттеу барысында ұлттық ойын атауларындағы түр-түс

атауларының түс атауы + зат есім, түс атауы + етістікке қатысты атау және күрделі құрылымды атаулар сияқты құрылымдық үлгілер негізінде жүйелі түрде қалыптасатыны көрсетіліп, олардың әрқайсысының этномәдени қызметі нақты тілдік деректер арқылы сипатталды. Сонымен қатар ұлттық ойын атауларындағы түр-түс компоненттерін талдау түрік халқының дәстүрлі дүниетанымын, символдық ойлау жүйесін және мәдени құндылықтарын тілдік деңгейде тануға мүмкіндік беретінін дәлелдеп, этнолингвистикалық зерттеулердің мазмұнын жаңа деректермен толықтырды.

Авторлардың үлесі:

Бүркітбаева Шынарай Дубировна – мақаланың өзектілігіне жасау береді, дереккөздерге талдау жасап, негізгі бөлімді жазды. Мақаланы жазу барысындағы пайыздық үлесі 40%.

Токсеитова Айдана Ергалиқызы – мақаланың деректерін жинап, жіктеу, салыстыру ісіне редакциямен хат-хабар алмасу ісіне жасауы. Мақаланы жазу барысындағы пайыздық үлесі 40%.

Шаммаева Нарбиби Шамурадовна – мақалаға кеңесші. Мақаланы жазу барысындағы пайыздық үлесі 20%.

Әдебиеттер

- Abdykerimova, Z., Omuraliev, N. (2020). Traditional games as a cultural code of Turkic peoples. *Journal of Ethnic Cultures*, 7(2), 45–53.
- Aydın, H. (2022). Türkçede renk adlarının anlamsal yapısı. *Türk Dili Araştırmaları*, 18(1), 101–120.
- Dayar, E. (2025). Anadolu’da şiddetin performatif bir temsili: Taş dövüşü oyunu. *Millî Folklor*, 37(145), 25–38.
- Demir, N. (2022). Geleneksel Türk çocuk oyunları (I–X том). Ankara: Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları.
- Ismailova, G., Bekbolotov, K. (2022). Language, culture and play: A Turkic perspective. *Pertanika Journal of Social Sciences and Humanities*, 30(4), 1567–1582.
- Kaplan, M. (2002). Kültür ve dil (74–90-66.). İstanbul: Dergâh Yayınları.
- Ögel, B. (2000). Türk kültür tarihine giriş (108–125-66.). Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları.
- Özdemir, N. (2006). Türk halk oyunları ve kültürü (41–59-66.). Ankara.
- Sarıpaya, S. (2022). Türk dünyası geleneksel oyunlarından “Mor Menekşe”nin sözel dokusu ve oynanışında mitoloji ve hayat. *Millî Folklor*, 34(133), 78–92.
- Turgunbaeva, A. (2021). Ethnolinguistic features of traditional games in Kyrgyz culture. *Journal of Language and Linguistic Studies*, 17(3), 1345–1356.
- Türk Dil Kurumu. (2011). Türkçe sözlük. Ankara: TDK Yayınları.
- Yıldız, H. (2021). Türk kültüründe renk sembolizmi. *Türk Kültürü İncelemeleri Dergisi*, 14(2), 65–92.
- Қайдар, Ә. (1998). Қазақ тілінің өзекті мәселелері (32–60-66.). Алматы: Ана тілі.
- Қайдар, Ә., Жанпейісов, Е., Манкеева, Ж. (2004). Қазақ этнолингвистикасы (55–78-66.). Алматы: Ғылым.
- Манкеева, Ж. (2007). Қазақ тіліндегі мәдени лексика (112–130-66.). Алматы: Ғылым.
- Төлегенов, Т. (1994). Қазақтың ұлттық ойындары (15–42-66.). Алматы: Санат.
- Әлімқұлова, Г. (2009). Қазақ халқының дәстүрлі ойындары және олардың тәрбиелік мәні (88–104-66.). Алматы.
- Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. (2008). (1–10 т.). Алматы: Ғылым.
- Пансат Ж. М. (2025). Қазақ тіліндегі «Көк» концептісінің лингвомәдени сипаты [Философия докторы (PhD) диссертациясы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті].

Устемиров Б. Т., Туймебаев Ж. К., Аймагамбетова М. М., Усеинова К. Р., Ближевский А. Ю. (2025). The originality of the national game of Kokpar: Semantics, structure and evolution [Көкпар ұлттық ойынының бірегейлігі: семантикасы, құрылымы және эволюциясы]. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 18(7), 1419–1431.

References

- Abdykerimova, Z., & Omuraliev, N. (2020). Traditional games as a cultural code of Turkic peoples. Journal of Ethnic Cultures, 7(2), 45–53.
- Aydin, H. (2022). Semantic structure of color terms in Turkish. Journal of Turkish Language Studies, 18(1), 101–120.
- Dayar, E. (2025). A performative representation of violence in Anatolia: The game of stone fighting. Millî Folklor, 37(145), 25–38.
- Demir, N. (2022). Traditional Turkish children's games (Vols. 1–10). Ankara: Ministry of Culture and Tourism Publications.
- Ismailova, G., & Bekbolotov, K. (2022). Language, culture and play: A Turkic perspective. Pertanika Journal of Social Sciences and Humanities, 30(4), 1567–1582.
- Kaplan, M. (2002). Culture and language (pp. 74–90). Istanbul: Dergah Publications.
- Ogel, B. (2000). Introduction to Turkish cultural history (pp. 108–125). Ankara: Ministry of Culture Publications.
- Ozdemir, N. (2006). Turkish folk games and culture (pp. 41–59). Ankara.
- Sarpkaya, S. (2022). The verbal texture and play practice of “Mor Menekşe”: Mythology and everyday life. Millî Folklor, 34(133), 78–92.
- Turgunbaeva, A. (2021). Ethnolinguistic features of traditional games in Kyrgyz culture. Journal of Language and Linguistic Studies, 17(3), 1345–1356.
- Türk Dil Kurumu. (2011). Turkish dictionary. Ankara: TDK Publications.
- Yildiz, H. (2021). Color symbolism in Turkish culture. Journal of Turkish Cultural Studies, 14(2), 65–92.
- Kaidar, A. (1998). Topical issues of the Kazakh language (pp. 32–60). Almaty: Ana Tili.
- Kaidar, A., Zhanpeisov, E., & Mankeeva, Zh. (2004). Kazakh ethnolinguistics (pp. 55–78). Almaty: Gylym.
- Mankeeva, Zh. (2007). Cultural lexicon of the Kazakh language (pp. 112–130). Almaty: Gylym.
- Tulegenov, T. (1994). Kazakh traditional games (pp. 15–42). Almaty: Sanat.
- Alimkulova, G. (2009). Traditional games of the Kazakh people and their educational value (pp. 88–104). Almaty.
- Kazakh Literary Language Explanatory Dictionary. (2008). Vols. 1–10. Almaty: Gylym.
- Pansat, Zh. M. (2025). Linguocultural nature of the concept “Kok” in the Kazakh language [Doctoral dissertation, M. Auezov South Kazakhstan University].
- Ustemirov, B. T., Tuimebayev, Zh. K., Aimagambetova, M. M., Useinova, K. R., & Bliznevskiy, A. Yu. (2025). The originality of the national game of Kokpar: Semantics, structure and evolution. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences, 18(7), 1419–1431.

Авторлар туралы мәлімет:

Бүркітбаева Шынарай Дубировна – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түркология және тіл теориясы кафедрасының доцент м. а. (Алматы, Қазақстан, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru).

Токсеитова Айдана Ергалиқызы – «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша докторант, шығыстану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: atokseito@gmail.com).

Шаммаева Нарбиби Шамуратовна – ф.ғ.д., профессор, Сейитназар Сейди атындағы Түркімен мемлекеттік педагогикалық институты (Түркіменабад, Түркіменстан, e-mail: narbibish06@mail.ru).

Information about authors:

Burkitbayeva Shynaray Dubrovna – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Turkology and Language Theory of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru).

Toxeitova Aidana Ergalikizi – Doctoral Student in «Foreign Language», Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: atokseito@gmail.com).

Shammaeva Narbibish Shamuradovna – Doctor of Philology, Professor, Turkmen State Pedagogical Institute named after Seyitnazar Seydi (Turkmenabad, Turkmenistan, e-mail: narbibish06@mail.ru).

Сведения об авторах:

Бүркітбаева Шынарай Дубировна – PhD, и. о. доцента кафедры түркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru).

Токсеитова Айдана Ергалиқызы – докторант по специальности «Иностранная филология», факультет востоковедения, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: atokseito@gmail.com).

Шаммаева Нарбиби Шамуратовна – доктор филологических наук, профессор Туркменский государственный педагогический институт имени Сейитназара Сейди (Туркменабад, Туркменистан, e-mail: narbibish06@mail.ru).

Келін түсті: 19 желтоқсан 2025 жыл

Қабылданды: 19 мамыр 2026 жыл